

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаған, тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 20 қаңтардағы N 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2741. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2015 жылғы 20 ақпандағы № 36 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының м.а. 20.02.2015 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К е л і с і л г е н :

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ж о ғ а р ғ ы

С о т ы н ы ң

Т ө р а ғ а с ы

13 ақпан 2004 жыл

Қазақстан Республикасының " Сыбайлас жемқорлық қылмыспен күрес туралы " және " Мемлекеттік қызмет туралы " Заңдарын ақпараттық және статистикалық қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының " Прокуратура туралы" Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала
о т ы р ы п
Б ұ й ы р а м ы н :

1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаған тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері осы бұйрықтың тиісті орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және есепке алу жөніндегі комитеті (Хайруллин Р.С.) белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынуы үшін шаралар қабылдасын.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тізілімінде 2001 жылдың 24 сәуірінде N 1477 санымен тіркелген, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылдың 5 қаңтарындағы "Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің есебін біртұтас тәртіпте жүргізу және қолдану туралы Нұсқаулықты, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алудың N 1-К нысанды статистикалық карточкасын бекіту мен іске қосу туралы" N 3 бұйрығы , (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тізілімінде N 2005 санымен тіркелген, Қазақстан Республикасы Бас прокурордың 2002 жылдың 10 қыркүйегіндегі "Қазақстан

Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылдың 5 қаңтарындағы "Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің есебін біртұтас тәртіпте жүргізу және қолдану туралы Нұсқаулықты, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алудың N 1-К нысанды статистикалық карточкасын бекіту мен іске қосу туралы" N 3 санды бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 40 бұйрығы) күшін ж о й д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік етуші орынбасарына жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Бас Прокуроры

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының
"Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық
жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған
тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі
Нұсқаулықты бекіту туралы" 2004 жылдың 20
қаңтарындағы N 4 бұйрығымен бекітілген

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың есебін жүргізу жөніндегі

Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар жасағаны және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалардың есебін белгілейді (әрі қарай - сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды есепке алу).

2. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды есепке алу, Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы " және " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңдарын , сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа тәртіптік күрес жағдайын, осы құбылыстардың ведомстволық үлестірілуін талдауды ақпараттық және статистикалық қамтамасыз ету мақсатында деректер банкін жүргізу арқылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен (әрі қарай - Комитет) жүзеге асырылады және ол басқа мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін емес.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің

аймақтық басқармаларында (әрі қарай - аймақтық басқармалар) жергілікті есепке алу жүргізіледі.

3. Өз уәкілеттіктерінің шегінде Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңы талаптарының орындалуын және онда қаралған тәртіптік шаралардың қолданылуын қамтамасыз ететін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері осы Нұсқаулық талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыратын Комитетке есепке алу-тіркеу құжаттарын уақытылы тапсырып отыруға міндетті.

4. Есепке алуға, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген тұлғалар және соларға теңестірілген, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар жасағаны және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғалар жатады.

5. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген тұлғаларға барлық лауазымды тұлғалар, Парламент және мәслихат депутаттары, соттар және мемлекеттік қызмет туралы заңдарға сәйкес барлық мемлекеттік қызметкерлер жатады.

6. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген тұлғаларға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған тұлғалар, заңмен белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан төленетін қызметкерлер, жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жиынтық үлесі кемінде отыз бес пайызды құрайтын мемлекеттік ұйымдардың басқару міндеттерін атқаратын тұлғалар теңестіріледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 N 18 Бұйрығымен.

2. Алғашқы есепке алу актілерін жүргізу

7. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды есепке алу үшін олармен жасалған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық деректері және оларды тәртіптік жауаптылыққа "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес тарту туралы уәкілетті орган шешімдерінің бар болуы негіз болып табылады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

8. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан мемлекеттік орган (лауазымды тұлға) ол туралы қаралған істің (материалдың) нәтижелері бойынша 1 -қосымшаға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алудың № 1-К нысанды кәртiшкесiн (әрi қарай – кәртiшке), екi данада қояды.

С о н ы м е н қ а т а р :

1) құқық бұзушылықты тапқан және ол туралы істі (материалды) қарауға уәкілдік берілген мемлекеттік орган (лауазымды тұлға), соның ішінде оның орталық құрылымдары аумақтық тиесілігіне қарай аймақтық басқармаларға кәртiшкенi сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы істі (материалды) қарау жөнiндегi хабарламаны алған сәттен бастап 3 жұмыс күнiнiң iшiнде қояды;

2) құқық бұзушылықты тапқан, бiрақ тұлғалардың жауаптылығын қарауға уәкілдік берілмеген мемлекеттік орган (лауазымды тұлға), осы әрекет жөнiндегi істі (материалды) тәртіптік жазаға тартуға уәкілдік берілген органға (лауазымды тұлғаға) жібереді. Уәкілдік берілген орган (лауазымды тұлға) шешiм қабылдаған күннен бастап жедел түрде істің (материалдың) қаралу нәтижелері туралы, 5-қосымшаға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған туралы істің (материалдың) қаралуы жөнiндегi хабарлауды (әрi қарай - хабарлау), құқық бұзушылықты тапқан органға (лау а з ы м д ы т ұ л ғ а ғ а) жібереді.

Осы ақпараттың негiзiнде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан орган (лауазымды тұлға) хабарлау келiп түскеннен кейiн кәртiшкенi 3 жұмыс күнiнiң iшiнде аумақтық тиесiлiгiне қарай аймақтық басқармаларға қояды .

Ескерту: құқық бұзушылықты тапқан істі (материалды) қарауға уәкілдік берілген құрылымның бiр мемлекеттік органында бiрiгуiнiң мысалы ретiнде бiр облыс ауданының әкiмiне қатысты осы облыстың әкiмi болып табылады.

Құқық бұзушылықты тапқан орган уәкiлдiгiнiң және осы әрекет туралы істі (материалды) қарауға құқығы бар құрылымның айырмашылығына мысал: iшкi iстер органдарының қызметкерi жасаған сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан прокурор, осы жөнiндегi істі (материалды) iшкi iстер органының уәкiлдiк берiлген басшысына жібереді, ол істің (материалдың) қаралу нәтижелері туралы прокурорға хабарлайды.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48, 2011.06.24 № 55 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

9. Қызметі әскери және көлік прокурорларының қадағалауындағы мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Комитеттің соған сәйкес әскери

және аймақтық көлік басқармаларына кәртiшкенi жолдайды.

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

10. Кәртiшке реквизиттері баспа әрiптерімен, көк немесе қара бояумен, тазартусыз және түзетусіз толтырылады. Есепке алынатын тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты бас әрiппен жазылады. Оның жұмыс орны мен лауазымы, құқық бұзушылықты тапқан және істі (материалды) қараған органның (лауазымды тұлғаның) атауы қысқартусыз енгізіледі.

11. 1-тармақта сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты анықтаған органның (лауазымды тұлғаның) атауы көрсетіледі. 1.1-тармақта құқық бұзушылықты анықтауға ынта білдірген мемлекеттік органның аталуы көрсетіледі. 2-тармақ бұзушылық жасаған тұлғаның ведомстволық тиесілігін айқындайды. 3-тармақта істі (материалды) қараған органның атауы көрсетіледі. 4-тармақта материалды қараған органмен берілген Қазақстан Республикасының " Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының талаптарына сәйкес әрекет жасасқан біліктілік бейнеленеді. Маңызы бойынша қаралған материал (хаттама) 5-тармақта ескеріледі. 6-тармақта - қолданылған жаза шарасы.

7-11-тармақтарда құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаның белгіленген мәліметтері көрсетіледі.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.14 N 48, 208.09.04. N 50 бұйрығымен .

12. Кәртiшкеге сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан тұлға қол қоюы тиіс, ол 12, 13-тармақтарда өзінің тегін, лауазымын және кәртiшкені толтыру күнін көрсетуі қажет.

14, 15-тармақтар аймақтық басқарма қызметкерімен толтырылады, ол, 2-қосымшаға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды бірыңғай есепке алу журналының (әрі қарай - бірыңғай журнал) мәліметтеріне сәйкес істің (материалдың) нөмірін, тіркелу күнін, өзінің тегін көрсетіп, кәртiшкеге қол қояды.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

13. Кәртiшке толтырылғаннан кейін ресми ақпараттық есепке алу құжаты болып саналады. Оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған мәліметтерді енгізсе, заңмен белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

14. Аймақтық басқармалар кәртiшкелерді бірыңғай есепке алу журналында тіркейді. Реквизиттерді толтырудың және толықтығының дұрыстығын тексергеннен кейін кәртiшкенің бір данасы тіркелгеннен соң 3 жұмыс күнінің ішінде орталық деректер банкіні қалыптастыру үшін Комитетке жіберіледі, екіншісі аймақтық басқармада өңделеді және сақталады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

15. Толық емес немесе айқын емес мәліметтерден тұратын, осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзу арқылы немесе белгіленбеген үлгідегі бланкілерде толтырылған кәртiшкелер тіркелмейді және оларды жіберген органға келіп түскеннен кейінгі 3 жұмыс күнінің ішінде қайтарылуға жатады.

Түзетуден өткен кәртiшкелер келіп түскеннен кейінгі 3 күннің ішінде Комитеттің аймақтық басқармасына тіркеу үшін жіберілуге жатады.

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда- ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

16. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тұлғалар туралы мәліметтер жұмыстан босату түріндегі тәртіптік жазаны қоспағанда жаза салынған кезден бастап 3 жыл бойы сақталынады.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босату түріндегі тәртіптік жаза қолданылған тұлға туралы мәліметтер тұрақты түрде сақталады .

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2008.02.04 N 5, 2010.03.17 N 18 Бұйрықтарымен

17. Тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы заңмен белгіленген тәртіптегі шешім өзгертілген немесе жойылған жағдайда, мемлекеттік орган (лауазымды тұлға) бұл жөнінде 3 жұмыс күнінің ішінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан органға хабарлайды. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан орган, 4-қосымшаға сәйкес тәртіптік жауаптылыққа тартылған, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешімнің өзгеруі (жойылуы) жөніндегі хабарлаудың 2 данасын 3 жұмыс күнінің ішінде аймақтық басқармаға жібереді, ол құжаттың 1 данасын Комитетке тапсырады. Хабарлау, жергілікті және орталықтандырылған есепке алу мәліметтеріне түзету енгізу үшін негіз болып табылады .

Ескерту: тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешімнің жойылуы жөніндегі хабарлау, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылық жасамаған тұлғаны мемлекеттік орган (лауазымды тұлға) мойындаған жағдайда қойылады.

Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

17-1. Кәртiшкелердің уақытылы ұсынылуын есепке алу мен бақылаудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері тоқсан сайын (есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін) Комитеттің аймақтық басқармасының тиісті деректер банкімен салыстыру

ж ү р г і з у і

қ а ж е т .

Салыстыру актілерінің кестесі, үлгілері және нысандары Комитеттің аймақтық басқармасымен алдын ала келісіледі.

Ескерту: 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

3. Бірыңғай журналды жүргізу

18. Бірыңғай журналдың 1-бағанында істің (материалдың) реттік нөмірі, кәртiшкені қойған органның кодтық белгісі және тіркелу күні, 2-бағанында сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан органның аталуы, 3-бағанында істі (материалды) қараған органның аталуы, 4-бағанында кәртiшкенің келіп түскен күні, кәртiшкені қойған тұлғаның лауазымы, тегі және қолы көрсетіледі .

5-7-бағандар құқық бұзушылықтың сипаттамасынан, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден және іс-әрекет біліктілігінен тұрады .

Істің (материалдың) қаралу нәтижелері мен күні 8-бағанда бейнеленеді. 9-бағанда шешімнің өзгеруі немесе бұзылуы жөніндегі мәліметтер бейнеленеді.

4. Есепке алуға қаралудың негіздері

19. Есепке алу бойынша тексеруге Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының 3-бабындағы 3, 4-бөлімдеріне аталған барлық тұлғалар және мемлекеттік қызметке түсуге және әкімшілік мемлекеттік қызметкердің басқа мемлекеттік лауазымға ауысуы кезінде үміткер тұлғалар жатады .

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

20. Ақпаратты талап ету, 3-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғаның, немесе оған теңестірілген тұлғаның, сонымен бірге мемлекеттік қызметке орналасуға үміткер тұлғаның атына Комитетке сұранысты жолдау арқылы жүзеге асырылады .

Тұлғаның тәртіптік құқық бұзушылықты қайта жасағандығын айқындау үшін жолданатын сұраныстар да осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес ресімделінеді .

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

21. Сұранымды дайындау кезінде белгіленген мәліметтер тазартусыз және түзетулерсіз, баспа әріптерімен жазылады. Тексерудегі тұлғаның тегі, аты және

әкесінің аты атау септігінде, бас әріптермен көрсетіледі. Сұранымның тиісті реквизитінде әкесінің аты көрсетілмеген жағдайда "жоқ" сөзі жазылады. Туған күні мен туған жері толық көрсетіледі. Сұранымның 7-тармағында тексерудегі тұлғаның лауазымы немесе тексерудегі тұлға үміттенетін лауазым көрсетіледі. Сұраным м ө р м е н б е к і т і л е д і .

Ескерту: құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қажетті ақпаратты алуы үшін оған Комитеттің орталықтандырылған деректер банкіне берілетін алыстатылған электрондық рұқсатты сұраныс режимінде пайдалануына м ү м к і н д і к б е р і л е д і .

Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 14 қыркүйектегі N 48 бұйрығымен .

22. Егер тексерудегі тұлға тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен болса, сұранымда бұрынғы мәліметтері де көрсетіледі. Тегін 3 немесе одан да көп рет ауыстырған болса, бөлек сұраным құрылады.

23. Сұраным поштамен жіберіледі немесе қолма-қол Комитеттің кеңсесіне өткізіледі. Осы ақпаратты ұсыну жедел мақсаттарға қажет болған жағдайларда, сұранымдарды электрондық поштамен жіберуге рұқсат етіледі.

24. Аталған талаптарды бұзу арқылы дайындалған сұраным орындалусыз қайтарылады, ол жөнінде онда тиісті белгі қойылады.

25. Сұраным Комитетке келіп түскен кезден бастап 5 жұмыс күнінің ішінде орындалады және бастамашыға поштамен жіберіледі немесе қолма-қол беріледі.

26. Сұраным бойынша сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасаған тексерудегі тұлғаларға қатысты Комитеттің орталықтандырылған есебінде бар м ә л і м е т т е р т а п с ы р ы л а д ы .

Тексерудегі тұлға туралы мәліметтер есепте болмаса, сұранымның келесі бетінде мөртабан қойылады: "мәліметтер жоқ", сұранымның тексерілген күні, сұранымды тексерген қызметкердің қолы. Орталықтандырылған есепке алуда тексерудегі тұлға туралы қандайда бір мәліметтер бар болса, олардың барлығы сұранымның келесі бетінде "Анықтама жүргізген қызметкер" мөртабанын қою, тексеру күнін көрсету арқылы бейнеленеді.

С ы б а й л а с ж е м қ о р л ы қ құ қ ы қ
б ұ з у ш ы л ы қ т а р ж а с а ғ а н ы ү ш і н
т ә р т і п т і к ж а у а п т ы л ы қ қ а
т а р т ы л ғ а н т ұ л ғ а л а р д ы ң
е с е б і н жү р г і з у т у р а л ы
Нұсқаулыққа 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.06.24 № 55 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке алудың № 1-К нысанды кәртiшкесi

(сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы материалды (хаттаманы) қарау нәтижелері бойынша жауаптылығы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңымен қаралған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтаған органмен құрылады)

1. _____
(құқық бұзушылықты анықтаған органның атауы)

1.1 оның ішінде мемлекеттік органның ынтасы бойынша _____
(мемлекеттік органның аталуы)

2. Жасалған: депутатпен (1), судьямен (2), әкіммен (3), мынадай органдардың лауазымды тұлғаларымен: ПМ (5), ҚР ӘМ Сот актілерін орындау комитеті (6), ӘМ ҚАЖК-нің (7), қаржы полициясының (8), ҰҚК (9), прокуратураның (10), ҚМ КБК (11), салық қызметі органдарының (12), ҚМ әскери қызметкерлерінің (13), ПМ ІӘ (14), ҰҚК шекара қызметінің (15), Республикалық гвардияның (16), ТЖМ (17), министрліктер қызметкерлері: әділет (19), қаржы (20), білім және ғылым (21), ауыл шаруашылығы (22), сыртқы істер (23), энергетика және минералды ресурстар (24), денсаулық сақтау (25), индустрия және сауда (26), қоршаған ортаны қорғау (27), экономика және бюджетті жоспарлау (28), туризм және спорт (29), мәдениет және ақпарат (30), еңбек және халықты әлеуметтік қорғау (31), көлік және коммуникация (32), байланыс және ақпарат министрлігі (38); агенттіктер қызметкерлері: статистика жөніндегі (33), жер ресурстарын реттеу бойынша (34), табиғи монополияларды реттеу жөніндегі (35), мемлекеттік қызмет істері жөніндегі (37), Ұлттық ғарыштық агенттігінің (40); Ұлттық банктің (41), Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (42), әкімдіктер және олардың құрылымдық бөлімдерінің (43), лауазымды тұлға (44), лауазымды тұлғаға теңестірілген тұлға (45), құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (46), бәсекелестікті қорғау агенттігі (47), дін істері жөніндегі (48) басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері (18)

_____ (ведомстволар атауы)

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы материалды (хаттаманы) қараған _____ органның атауы : _____

4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңының нормалары бойынша құқық бұзушылықты саралау бап _____ тармақ _____ тармақша _____

4.1 ҚРЗ бұзу фабуласы _____

5. Материал (хаттама) мәніне қарай қаралған:

5.1. Бұйрық (шешім) № _____ "___" _____ 20 __ ж.

б. Мынадай жаза шарасы қолданылған: лауазымынан босату (1), лауазымын төмендету (2), қызметтік сәйкестігі толық еместігі туралы ескерту (3) _____

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған тұлға туралы мәліметтер

7. ТЕГІ | АТЫ | ӘКЕСІНІҢ АТЫ |

8. Туған күні "___" _____ 19 __ ж. 8.1 Туған жері _____

9. Тұрғылықты (тіркелген) мекен-жайы _____

9.1. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) |_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|

10. Жұмыс орны _____

11. Лауазымы _____

12. Кәртiшкенi толтырған тұлғаның лауазымы, тегі, қолы _____

13. Толтырылған күні "___" _____ 20 __ ж.

14. Аймақтық басқармада тіркелген күні "___" _____ 20 __ ж.

бірыңғай журнал бойынша материалдың (хаттаманың) _____

15. Аймақтық басқарма қызметкері _____

(ла у а з ы м ы , т е г і , қ о л ы)

Ескерту: кәртiшке ресми статистикалық құжат болып табылады; оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған мәліметтерді енгізгені үшін заңдармен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с П р о к у р о р ы н ы ң

2004 жылдың 20 қаңтарындағы

№ 4 бұйрығымен бекітілген

сыбайлас жемқорлықпен құқық

бұзушылық жасағаны үшін

тәртіптік жауаптылыққа

тартылған тұлғалардың

есебін жүргізу туралы

Нұсқаулыққа 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Бас прокуратурасының
 Құқықтық статистика және арнайы
 есепке алу жөніндегі комитеті Сыбайлас жемқорлықпен құқық
 бұзушылық жасағаны үшін
 тәртіптік жауаптылыққа тартылған тұлғаларды есепке
 алудың Бірыңғай журналы

N _____

20 ____ ж. _____ N _____ басталды
 20 ____ ж. _____ N _____ аяқталды
 Астана 20 ____ ж.

Сыбайлас	Сыбайлас	Істі	Көрсетілген	Құқық	"Сыбайлас	Құқық
жемқор.	жемқор.	(мате.	кені	бұзу.	жемқор.	бұзушылық
лықпен	лықпен	риалды)	қойған	шылық.	лыққа	жасаған
құқық	құқық	қараған	тұлға.	тың	қарсы	тұлғалар туралы
бұзушы.	бұзушы.	мемле.	ның ла.	фабу.	күрес	мәліметтер
лық	лықты	кеттік	уазымы,	ласы	туралы"	(аты-жөні,
туралы	тапқан	орган.	аты-жө.	(жасал.	Заңның	туған күні,
істің	мемле.	ның	ні,	ған	және	жылы, айы,
(мате.	кеттік	аталуы	қойылу	күні,	басқа да	лауазымы, жұмыс
риалдың)	органның		күні	уақыты,	заңды	орны)
нөмірі,	(лауа.			орны,	актілер.	
органның	зымды			мате.	дің	
коды жә.	тұлға.			риал.	норма.	
не тір.	ның)			дық за.	лары	
келу	аталуы			лалдың	бойынша	
күні				көлемі	құқық	
				(теңге	бұзушы-	
				түрін.	лықтың	
				де))	білікті.	
					лігі	

1

2

3

4

5

6

7

Таблицаның жалғасы

Істі (материалды) (жойылуы) қарау	Шешімнің өзгеруі туралы мәліметтер
нәтижелері	
және күні	
8	9

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылдың 20 қаңтарындағы
N 4 бұйрығымен бекітілген
сыбайлас жемқорлықпен құқық
бұзушылық жасағаны үшін
тәртіптік жауаптылыққа
тартылған тұлғалардың
есебін жүргізу туралы
Нұсқаулыққа 3-қосымша

**Мемлекеттік функцияларды орындауға өкілеттігі
бар тұлғаның және оған теңестірілген тұлғаның
атына арналған (мемлекеттік қызметке
түсуге үміткер тұлға)
Сұраным**

N _____
поштамен/қолма-қол алынсын
(керек емесі сызылсын)

"__" _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ҚСЖАЕК-не

1. Тегі _____
2. Аты _____
3. Әкесінің аты _____
(егер ауыстырылған болса, бұрынғылары да көрсетілсін)
4. Туған күні "____" _____ 19__ ж.
5. Туған жері _____
6. Мекен-жайы _____

7. Тексеру себебі _____
Мемлекеттік орган бастығы _____
(т е г і , қ о л ы)

М _____ О _____
Орындаушы _____
Жолдаушының мекен-жайы: индекс _____
елді мекені _____
ауданы _____
облысы _____
мемлекеттік орган _____

_____ (қысқартусыз толық атауы)
(көлемі 150x210)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылдың 20 қаңтарындағы
N 4 бұйрығымен бекітілген
сыбайлас жемқорлықпен құқық
бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік
жауаптылыққа тартылған тұлғалардың
есебін жүргізу туралы Нұсқаулыққа

4-қосымша

**ҚР Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті**

Көшірме: _____ облысының аумақтық басқармасына

Х а б а р л а м а
сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін
тәртіптік жауаптылыққа тартылған мемлекеттік
қызметкерді жауапқа тарту туралы
шешімнің өзгеруі (бұзылуы) туралы

Тегі _____
Аты _____ Әкесінің аты _____,
туған күні " ____ " _____ 19 __ ж.
Қолданылған жауапқа тарту туралы мәліметтер:

_____ (сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін жауапқа тартудың

_____ негізі, түрі және күні көрсетілсін)

Қабылданған шешімнің өзгеруі (бұзылуы) туралы мәліметтер:

(жауапқа тарту туралы қабылданған шешімнің өзгеруі (жойылуы) туралы

Шешім шешімнің қабылдану негізі мен күні көрсетілсін)
қабылдаған органның аталуы:

(хабарламаны жасаған тұлғаның лауазымы, тегі және қолы)
Жасалу күні "___" _____ 20__ ж. МО
(көлемі 150x210)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2004 жылдың 20 қаңтарындағы
N 4 бұйрығымен бекітілген
сыбайлас жемқорлықпен құқық
бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік
жауаптылыққа тартылған тұлғалардың
есебін жүргізу туралы Нұсқаулыққа
5-қосымша

(сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықты тапқан орган)

Х а б а р л а м а
сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін
тәртіптік жауаптылыққа тарту жөніндегі
істі (материалды) қарау туралы

Анықталған құқық бұзушылықтың сипаттамасы _____

Құқықбұзушы туралы мәліметтер - Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

(егер ауысқан болса, бұрынғылары көрсетілсін)

Туған күні "___" _____ 19__ ж.

Істің қаралу нәтижесі:

(жазаның түрі, қаралу күні және тағы басқалар көрсетілсін)
Жаза мерзімінің аяқталуы: _____
Материалды қараған мемлекеттік органның аталуы _____

Бастығы _____
(мемлекеттік орган бастығының тегі, қолы)

Кадр қызметінің бастығы _____
(Аты - жөні, қолы)

Жасалу күні " ____ " _____ 20 __ ж. МО
(көлемі 150x210)